

**География пәнінен
жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар**

11-сынып
(жаратылыстану-математикалық бағыт)

Нұр-Сұлтан, 2020

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 11-сынып оқушыларына «География» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар 11-сынып «География» пәні бойынша ұзақ мерзімді оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге оқушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта оқушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген.

Әдістемелік ұсыныстар негізгі сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериялды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

МАЗМҰНЫ

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	4
«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	4
«Картография және геоинформатика» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	7
«Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	12
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	16
«Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	16
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	20
«Геоэкономика» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	20
«Геосаясат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	24
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	28
«Елтану» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	28
«Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	32

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Өзекті географиялық зерттеулер әдістері
Оқу мақсаттары	11.1.1.1 зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану 11.1.1.3 зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану
Бағалау критерийі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none">• Географиялық зерттеуде сараптама әдістерін қолданады• Географиялық зерттеуде модельдеу әдістерін қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	25 минут
Тапсырма	26

1. Мәтінді оқыңыз және сұрақтарға жауап беріңіз



Йеллоустоун жанартауы

Йеллоустоун — әлемдегі ең ірі супервулкандардың бірі. Ол өзінің гейзерлерімен танымал АҚШ-тың аттас ұлттық паркінде орналасқан. Соңғы 2 млн жыл ішінде бірнеше қуатты атқылаулар болды, сондықтан Йеллоустоун сөнген деп саналады. 1960-шы және 1970 — ші жылдары АҚШ — тың Геологиялық қызметтегі ғалым Роберт Кристиансеннің зерттеуі бойынша супервулканның цирктік кальдерасының мөлшері шамамен 55 және 72 км екенін көрсетті, осылайша ол парк аумағының үштен бір бөлігін алады. Йеллоустон мантияның ыстық балқытылған бетіне қарай орналасқан. Қазір ғалымдар Йеллоустоун жанартауының жақын арада оянуы мүмкін екенін пайымдайды.

- Жанартаулардың әлем бойынша таралуында қандай заңдылық бар?
- Жанартаулардың адамдарға қандай әсері бар?
- Йеллоустоун жанартауының болашағына болжам жасаңыз.

2. Жанартаудың модельдеу әдісі бойынша моделін жасаңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Географиялық зерттеуде сараптама әдістерін қолдана біледі	1	жанартауларлардың әлем бойынша таралуындағы заңдылықты анықтайды;	1
		жанартаулардың адамдарға әсерін жазады;	1
		Йеллоустоун жанартауының болашағына болжам жасау үшін мәтіннен ақпараттар қолданады;	1
		Йеллоустоун жанартауының болашағына болжам жасайды;	1
Географиялық зерттеуде модельдеу әдістерін қолдана біледі	2	модельде жанартаудың конус пішінін жасайды;	1
		модельде жанартаудың кратерін орналастырады;	1
		модельде жанартаудың күл мен лава қабаттарын орналастырады;	1
		жанартау моделін эстетикалық талапқа сай жасайды;	1
		жанартау моделін ұсынады.	1
Жалпы балл			9

**«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Географиялық зерттеуде сараптама әдістерін қолдана біледі	Географиялық зерттеуде сараптама әдістерін қолдана білуде қиналады <input type="checkbox"/>	Жанартаулардың әлем бойынша таралуындағы заңдылықты / адамдарға әсерін анықтауда/ Йеллоустоун жанартауының болашағына болжам жасау үшін мәтіннен ақпараттар қолдануда/ болашағына болжам жасауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Географиялық зерттеуде сараптама әдістерін қолданады <input type="checkbox"/>
Географиялық зерттеуде модельдеу әдістерін қолдана біледі	Географиялық зерттеуде модельдеу әдістерін қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Модельде жанартаудың конус пішінін/ кратерін/ күл мен лава қабаттарын/ эстетикалық талапқа сай жасауда/ ұсынуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Географиялық зерттеуде модельдеу әдістерін қолданады <input type="checkbox"/>

2. Берілген ақпарат негізінде тапсырмаларды орындаңыз:

Халықтың саны, 2018 жылдың басы			
Аймақтар	Аумақтың ауданы, мың	Халықтың саны, адам	Халқының тығыздығы
Қазақстан Республикасы	2724,9	18 157 337	
Ақмола	146,2	738 942	
Ақтөбе	300,6	857 711	
Алматы	223,9	2 017 277	
Атырау	118,6	620 684	
БатысҚазақстан	151,3	646 927	
Жамбыл	144,3	1 117 220	
Қарағанды	428,0	1 380 538	
Қостанай	196,0	875 616	
Қызылорда	226,0	783 156	
Маңғыстау	165,6	660 317	
Павлодар	124,8	754 854	
СолтүстікҚазақстан	98,0	558 584	
Түркістан	117,3	2894816	
ШығысҚазақстан	283,2	1 383 745	
Астана қаласы	0,7	1 030 577	
Алматы қаласы	0,7	1 801 993	

- Кесте деректерінің көмегімен Қазақстан және әр аймақ халқының тығыздығын есептеңіз.
- Есеп нәтижелерін кему реті бойынша бағандық диаграмма түрінде ұсыныңыз.
- Есептеулер нәтижелері бойынша аймақтарды халқының **жоғары, орташа, төмен** тығыздығына қарай әртүрлі түспен кескін картаға түсіріңіз.
- Шартты белгілерін салыңыз, бояңыз
- Қазақстан аймақтары халқы тығыздығының айырмашылығын түсіндіріңіз



Кескін карта

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	
		Білім алушы	Балл
Сандық картаны оқудың әдістерін қолданады	1	сыртқы сауда бойынша ең жоғары бірінші экспорттаушы елді анықтайды;	1
		сыртқы сауда бойынша ең жоғары екінші экспорттаушы елді анықтайды;	1
		сыртқы сауда бойынша ең жоғары үшінші экспорттаушы елді анықтайды;	1
		еліміздің экспорт көлемін белгілейді;	1
		еліміздің негізгі экспорт тауарларын белгілейді	1
		аталған картаны құрастыру тәсілін айқындайды;	1
Тақырыптық картосызбалар құрастырады	2	халық тығыздығын есептейді	1
		бағандық диаграмма құрады	1
		есептеулер нәтижелері бойынша халық тығыздығы жоғары аймақты кескін картаға түсіреді;	1
		есептеулер нәтижелері бойынша халық тығыздығы орташа аймақты кескін картаға түсіреді;	1
		есептеулер нәтижелері бойынша халық тығыздығы төмен аймақты кескін картаға түсіреді;	1
		шартты белгілерін әр түрлі бояумен салады;	1
		Қазақстан аймақтары халқы тығыздығының айырмашылығын түсіндіреді;	1
Жалпы балл			13

«Картография және географиялық деректер базасы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Сандық картаны оқудың әдістерін қолданады	Сандық картаны оқуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Сыртқы сауда бойынша ең жоғары бірінші/екінші/үшінші экспорттаушы елді / еліміздің экспорт көлемін/ негізгі экспорт тауарларын белгілеуде/ аталған картаны құрастыру тәсілін анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Сандық картаны оқудың әдістерін дұрыс қолданады. <input type="checkbox"/>
Тақырыптық картадиаграмма құрастырады	Тақырыптық картадиаграмма құрастыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Халық тығыздығын есептеуде/ бағандық диаграмма құруда/ есептеулер нәтижелері бойынша халық тығыздығы жоғары/орташа/төмен аймақты кескін картаға түсіруде/ шартты белгілерін әр түрлі бояумен салуда/ Қазақстан аймақтары халқы тығыздығының айырмашылығын түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Тақырыптық картадиаграмма дұрыс құрастырады <input type="checkbox"/>

«Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып Табиғатты пайдалануды реттеу. Табиғатты қорғау шаралары. Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі

Оқу мақсаты 11.3.1.3 Табиғатты қорғау шараларының тиімділігіне баға беру (жергілікті / аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде)
11.3.1.4 Жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептеу

Бағалау критерийі ***Білім алушы***

- Табиғатты қорғау шараларының тиімділігін бағалайды
- Жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептейді

Ойлау деңгейлері Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма


1. Берілген ақпараттар негізінде талдау жасаңыз:

Облыстар	Шығындар (млрд тенге)	Қатты ластаушы заттар (мың.тонна)	Сұйық және газды ластаушы заттар (мың.тонна)	Автокөлік құралдары (мың.тонна)	Пайдалану және залалсыздандыру (мың.тонна)	Пайдаға асыру (мың.тонна)	Қорытынды коэффициент
Қарағанды	17,0	132,7	470,8	385,6	6 472,10	1086,50	2,61
Атырау	25,2	2,3	106,8	140,1	1,4	1,5	1,49
Қостанай	16,6	47,2	56,6	243,6	798,6	297,7	1,43
Ақтөбе	16,4	20,1	101,7	190,7	134,6	104,9	1,32
Оңт.Қазақстан	4,0	11	48,9	545,9	89,3	73,3	1,29
Алматы қаласы	3,7	6,9	36,6	556,2	878,1	2,6	1,21
Алматы облысы	1,6	11,8	39,7	559,7	370,9	20,2	1,20
Шығыс Қазақстан	13,3	28,3	101,2	358,4	1 631,90	1344,60	1,12
Маңғыстау	14,7	4,5	83,9	172,1	7	1,1	1,10
Павлодар	16,3	135,8	474,4	198,2	15 104,90	3718,60	1,00
Ақмола	0,6	35,1	49,6	213,4	500,1	355,3	0,64
Нұр-Сұлтан қаласы	1,0	12,5	52,7	279,2	1 606,00	117,9	0,60
Солтүстік Қазақстан	0,8	24,7	47,2	193,2	984,9	4,8	0,59
Батыс Қазақстан	5,0	3,3	41,4	136,6	40,8	2,6	0,55
Қызылорда	2,4	5,7	25,1	138	40,8	2,6	0,55
Жамбыл	2,2	12,4	25,8	222,8	1052,10	1035,90	0,28
Барлығы	140,8	494,3	1762,4	4533,7	29673,7	8167,1	

*ҚР статистика Комитетінің мәліметі бойынша Kursiv Research-тің есептеуімен

Қазақстан Республикасындағы облыстар мен қалалардың ластану бойынша рейтингі

- (a) Табиғатты қорғау шығындары бойынша қай аймақ алғашқы және соңғы орындарға ие?
 (b) Алматы қаласының экологиясына автокөліктер санының әсерін түсіндіріңіз:
 (c) Кәдеге жарату (утилизация) деңгейі бойынша облыстарға салыстырмалы талдау жасаңыз:
 (d) Ластану коэффициенті бойынша еліміздегі ең лас және ең таза қаланы белгілеп, себебі мен салдарын сипаттаңыз:
 (e) Табиғатты қорғау шаралары қаншалықты тиімді болып жатқандығын кестедегі ақпараттар негізінде дәлелдеңіз
2. 40 жылдан астам уақыт бойы адамзаттың табиғи ресурстарды тұтынуы жердің өсімін молайтуға қабілеттілігінен асып түсті, бұл биосыйымдылық тапшылығына алып келді. Диаграммадағы ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап беріңіз:



- (a) қандай параметрлер бойынша экологиялық із жоғары көрсеткіштерге ие?

- (b) жоғарғы көрсеткіштерге ие параметрлердің себептерін анықтаңыз

- (c) жоғарғы көрсеткіштерге ие параметрлердің салдарын анықтаңыз

- (d) энергетикалық ізді азайту мақсатында күнделікті тұрмыста қолданылатын 2 іс-шараларды ұсыныңыз

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Табиғатты қорғау шараларының тиімділігін бағалайды	1	табиғатты қорғау шығындары бойынша алғашқы орындарға ие аймақты анықтайды;	1
		табиғатты қорғау шығындары бойынша соңғы орындарға ие аймақты анықтайды;	1
		Алматы қаласының экологиясына автокөліктер санының әсерін түсіндіреді;	1
		кәдеге жарату (утилизация) деңгейі бойынша облыстарға салыстырмалы талдау жасайды;	1
		ластану коэффициенті бойынша еліміздегі ең лас қаланы анықтайды;	1
		ластану коэффициенті бойынша еліміздегі ең таза қаланы анықтайды;	1
		ластану коэффициенті бойынша еліміздегі ең лас қала болу себебін сипаттайды;	1
		ластану коэффициенті бойынша еліміздегі ең таза қала болу себебін сипаттайды;	1
		табиғатты қорғау шаралардың тиімді/тиімсіз болғандығын дәлелдейді;	1
		дәлелдерге кестедегі ақпараттарды қолданады;	1
Жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептейді	2	экологиялық іздің жоғарғы көрсеткіштерге ие параметрлерді анықтады;	1
		жоғарғы көрсеткіштерге ие параметрлердің себептерін анықтады;	1
		жоғарғы көрсеткіштерге ие параметрлердің салдарын анықтады;	1
		энергетикалық ізді азайту мақсатында күнделікті тұрмыста қолданылатын бірінші іс-шараны ұсынды;	1
		энергетикалық ізді азайту мақсатында күнделікті тұрмыста қолданылатын екінші іс-шараны ұсынды.	1
Жалпы балл			15

**«Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат
ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Табиғатты қорғау шараларының тиімділігін бағалайды	Табиғатты қорғау шараларының тиімділігін бағалауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Табиғатты қорғау шығындары бойынша алғашқы/ соңғы орындарға ие аймақты анықтауда/ Алматы қаласының экологиясына автокөліктер санының әсерін түсіндіруде/ кәдеге жарату (утилизация) деңгейі бойынша облыстарға салыстырмалы талдау жасауда/ластану коэффициенті бойынша еліміздегі ең лас/ең таза қаланы/ ең лас/ең таза қала болу себебін анықтауда/ табиғатты қорғау шаралардың тиімді/тиімсіз болғандығын дәлелдеуде/дәлелдерге кестедегі ақпараттарды қолдануда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Табиғатты қорғау шараларының тиімділігін бағалайды <input type="checkbox"/>
Жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептейді	Жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептеуде қиналады <input type="checkbox"/>	Экологиялық іздің жоғарғы көрсеткіштерге ие параметрлерін анықтауда/ себептерін/ азайту мақсатында күнделікті тұрмыста қолданылатын іс-шараларды ұсынуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» дұрыс есептейді. <input type="checkbox"/>

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

«Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Геоэкологиялық зерттеулер негіздері
Оқу мақсаты	11.3.2.1 Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеу 11.3.2.2 Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу 11.3.2.7 Қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсыну (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)
Бағалау критерийі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none">• Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктейді• Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктейді• Қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсынады (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут


Тапсырма

1. Табиғаттағы антропогендік өзгерістер-адамның шаруашылық қызметі немесе адамдардың қоршаған табиғи ортамен тікелей қарым-қатынасы нәтижесінде табиғатта болатын өзгерістер.

Табиғаттағы барлық антропогендік өзгерістерді екі санатқа бөлуге болады: әдейі және кездейсоқ.

(а) Төменде келтірілген антропогендік өзгерістерді графиктегі бос орынға жіктеп жазыңыз.

Антропогендік өзгерістер: а. атмосфераның газ құрамының өзгеруі; ә. металдардың коррозиясын жеделдету; б. ауыл шаруашылығы алқаптарына жерлерді игеру; в. қоршаған ортаның ластануы в. су қоймаларын салу; г. фотохимиялық тұмандардың (түтіндердің) пайда болуы; г. қалалардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың құрылысы; д.мұнай танкеріндегі апаттар; е. батпақтарды құрғату; ж.ормандардың өртенуі.



2. Қолайлы қоршаған ортаны сақтау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, антропогендік қызметтің қоршаған ортаға әсерін мемлекеттік реттеу мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласында нормалау жүзеге асырылады.

Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін сызба- нұсқаға жіктеп көрсетіңіз:

Қоршаған орта сапасының
көрсеткіштері

.....

.....

.....

3. Суретті пайдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.



- (a) Суретте көрсетілген үрдісті атаңыз.
- (b) Үрдістің пайда болуын сипаттаңыз.
- (c) Бұзылған аймақтарды қалпына келтіруге арналған еліміздегі бір бағдарламаға мысал келтіріп, жұмысына баға беріңіз.
- (d) Осы орманды қалпына келтіру бойынша 3 іс-шаралар ұсыныңыз

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктейді	1	антропогендік өзгерістерді графиктегі «әдейі» жасалатын әрекеттерге жіктеп жазады;	1
		антропогендік өзгерістерді графиктегі «кездейсоқ» жасалатын әрекеттерге жіктеп жазады;	1
Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктейді	2	қоршаған орта сапасының көрсеткішін бірінші категорияда атайды;	1
		қоршаған орта сапасының көрсеткішін екінші категорияда атайды;	1
		қоршаған орта сапасының көрсеткішін үшінші категорияда атайды;	1
Қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсынады (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)	3	қоршаған орта сапасының көрсеткішін екінші категорияда атады;	1
		қоршаған орта сапасының көрсеткішін үшінші категорияда атады;	1
		бұзылған аймақтарды қалпына келтіруге арналған еліміздегі бір бағдарламаға мысал келтіреді;	1
		бағдарлама жұмысына баға береді;	1
		орманды қалпына келтіру бойынша бірінші іс-шараны ұсынады;	1
		орманды қалпына келтіру бойынша екінші іс-шараны ұсынады;	1
		орманды қалпына келтіру бойынша үшінші іс-шараны ұсынады.	1
Жалпы балл			15

«Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктейді	Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Антропогендік өзгерістерді «әдейі»/«кездейсоқ» жасалатын әрекеттерге жіктеп жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктейді <input type="checkbox"/>
Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктейді	Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеуде қиналады <input type="checkbox"/>	Қоршаған орта сапасының көрсеткішін бірінші/екінші/үшінші категорияда атауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктейді <input type="checkbox"/>
Қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсынады (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)	Қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсынуда қиналады <input type="checkbox"/>	Суретте көрсетілген үрдісті атауда/үрдістің пайда болуын сипаттауда/бұзылған аймақтарды қалпына келтіруге арналған еліміздегі бір бағдарламаға мысал келтіруде/бағдарлама жұмысына баға беруде/орманды қалпына келтіру бойынша бірінші/екінші/үшінші іс-шараны ұсынуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсынады <input type="checkbox"/>

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ «Геоэкономика» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Геоэкономика негіздері
Оқу мақсаты	<p>11.4.1.1 Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау</p> <p>11.4.1.3 Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтау (өз аймағы негізінде)</p> <p>11.4.1.6 Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсыну(өз аймағы негізінде)</p>

Бағалау критерийі	<p>Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстыра талдайды • Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтайды • Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсынады
--------------------------	--

Ойлау дағдыларының деңгейі	<p>Білу және түсіну Қолдану Жоғары деңгей дағдылары</p>
-----------------------------------	---

Орындау уақыты	20 минут
-----------------------	----------

Тапсырма

1. Өз таңдауыңыз бойынша Қазақстанның екі экономикалық аудандардың шаруашылық саласы бойынша Венн диаграммасы арқылы салыстырыңыз :



1 экономикалық аудан	Ұқсастығы	2 экономикалық аудан

2. Аймақтың экономикалық әлеуетінің негізгі құрамдастары:

- табиғи ресурстық әлеуеті
- өндірістік әлеуеті
- еңбек әлеуеті
- ғылыми-техникалық әлеуеті
- экспорттық әлеуеті

(a) Таңдауыңыз бойынша бір аймақты алып, төмендегі кестені толтырыңыз:

Аймақ атауы	Табиғи ресурстар және олардың шаруашылықта пайдаланылуы	Өнеркәсіп салалары	Ауылшаруашылық салалары	Айрықша салалар

(b) Кестедегі жазған мәліметтер бойынша алған аймағыңыздың экономикалық даму әлеуетіне қорытынды шығарыңыз.

3. Даму стратегиясының экономикалық жобасы – бұл нақты, пәндік әлеуметтік-экономикалық ойды іске асыруға арналған әрекеттер, шаралар бағдарламасы.

(a) «Қазақстан 2030» стратегиясының 3 негізгі ұзақмерзімді басымдықтарын атаңдар:

(b) Осы стратегияға негізделіп, өз аймақтарыңызды экономикалық тұрғыдан дамытатын төмендегі критерийлер бойынша жоба ұсыныңыз:

- Жоба мақсаты
- Аймақтың негізгі дамытуға болатын 3 тұсы

Жобаңыздың мүмкіндіктері

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстыра талдайды	1	бірінші экономикалық ерекшелігін жазады;	1
		екінші экономикалық ауданның ерекшелігін жазады;	1
		екі экономикалық ауданның шаруашылық саласы бойынша ұқсастығын венн диаграммасына жазады;	1
Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтайды	2	аймақтың табиғи ресурстары және олардың шаруашылықта пайдаланылуын жазады;	1
		аймақтың өнеркәсіп салаларын жазады;	1
		аймақтың ауылшаруашылық салаларын жазады;	1
		аймақтың айрықша салаларын жазады;	1
		кестедегі жазған мәліметтер бойынша алған аймағының экономикалық даму әлеуетіне қорытынды шығарады;	1
Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсынады	3	«Қазақстан 2030» стратегиясының бірінші негізгі ұзақмерзімді басымдығын атайды;	1
		«Қазақстан 2030» стратегиясының екінші негізгі ұзақмерзімді басымдығын атайды;	1
		«Қазақстан 2030» стратегиясының үшінші негізгі ұзақмерзімді басымдығын атайды;	1
		ұсынылған жобаның мақсатын жазады;	1
		жобада аймақтың негізгі дамытуға болатын бірінші тұсын көрсетеді;	1
		жобада аймақтың негізгі дамытуға болатын екінші тұсын көрсетеді;	1
		жобада аймақтың негізгі дамытуға болатын үшінші тұсын көрсетеді;	1
		жобаңыздың мүмкіндіктері.	1
Жалпы балл			16

«Геоэкономика» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстыра талдайды	Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстыра талдауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Таңдап алған бірінші/екінші экономикалық ауданның шаруашылық саласы бойынша ерекшелігін/ұқсастығын Венн диаграммасына жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстыра талдайды <input type="checkbox"/>
Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтайды	Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Аймақтың табиғи ресурстары және олардың шаруашылықта пайдаланылуын/ өнеркәсіп/ ауылшаруашылық/ айрықша салаларын жазуда/кестедегі жазған мәліметтер бойынша алған аймағының экономикалық даму әлеуетіне қорытынды шығаруда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтайды <input type="checkbox"/>
Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсынады	Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсынуда қиналады <input type="checkbox"/>	«Қазақстан 2030» стратегиясының бірінші/екінші/үшінші негізгі ұзақмерзімді басымдығын атауда/ұсынылған жобаның мақсатын/ аймақтың негізгі дамытуға болатын бірінші/екінші/үшінші тұсын/ мүмкіндіктерін жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсынады <input type="checkbox"/>

«Геосаясат» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Геосаясат негіздері
Оқу мақсаты	11.5.1.1 Қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіру 11.5.1.3 Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау 11.5.1.4 Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстарды әзірлеу
Бағалау критерийі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none">• Қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіреді• Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтайды• Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстарды әзірлейді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. **Әлемдегі заманауи геосаяси үдерістер.** Қазір әлем тез өзгеруде, ондағы жүріп жатқан серпінді геосаяси үдерістер көптеген себептерге байланысты: партиялық-саяси күштерді орналастыру, кейбір елдердегі басшылардың ауысуы, жайлы жерлер және ресурстар үшін күрес, аймақтар мен кейбір елдердегі саяси және әскери жанжалдардың пайда болуы, халықаралық лаңкестік пен тұрақсыздықтың күшеюі. ХХІ ғасырдағы әлем елдерінің ең негізгі мәселелерінің бірі - бұл қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтап қалу. Ірі мемлекеттер арасында геосаяси алаңдағы басшылық үшін күрес жүруде. Геосаясат -бұл мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына әсер ететін географиялық деректерді зерттейтін ғылым.

- Берілген халықаралық ұйымның қалауыңыз бойынша бірін тандап, мақсатын жазыңыз. *Ұсынылатын ұйымдар: БҰҰ, МАГАТЭ, ДСҰ*
- Әлемде қандай геосаяси үлгілер бар? Олардың ішіндегі ең маңыздыларын атаңдар.
- Әлемнің геосаяси бейнесіндегі АҚШ пен Ресейдің рөліне баға беріңіз
- а сұрағында тандаған ұйымның геосаяси мәселелерді шешудегі рөліне баға беріңіз.

2. Заманауи жағдайда әлемнің барлық мемлекеттері өздерінің геосаяси қауіпсіздігін нығайтуда. **Геосаяси қауіпсіздік** - бұл халықаралық қарым-қатынастағы елдің ұлттық мүдделерін қорғау. Әлем елдері мен Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі төніп тұрған келесі жаңа қатерлермен байланысты: әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, этнос аралық және демографиялық жағдайлар, табиғат және экологиялық апаттар, халықаралық лаңкестіктің күшеюі.

- Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін 4 факторды анықтаңыз:
- Өзіңіз атаған 4 фактордың еліміздің геосаяси қауіпсіздігіне ықпалын кестеге жазып түсіндіріңіз

1-фактор	2-фактор	3-фактор	4-фактор

3. Қазақстан аймақтарының геосаяси қауіпсіздігін күшейтуге арналған шараларға, ондағы аймақтық саясатты дамытуға баса назар аударылады. **Аймақтық саясат** - мемлекеттің дамуындағы маңызды құрал. Бұл қоғамның саяси негізінің біртұтас және өзіне өзі жеткілікті бөлігі. Онсыз белгілі бір аумақтағы адам мен табиғи орта толыққанды өмір сүре алмайды. Аймақтық саясаттың тиімділігі мемлекет пен аймақтың жергілікті мүдделерінің үйлесуіне байланысты. Бірінші кезекте, мемлекеттік саясат барлық аймақтардың тең дамуына, ұлттық мақсаттарға (халықтың барынша жұмыспен қамтылуы, тұрмыс сапасын жақсарту, кірістерді адал бөлу, тұрақты экономикалық даму) жетуге бағытталған.

- (a) Еліміздің геосаяси қауіпсіздігін күшейтуге арналған мемлекеттік саясатқа қарағанда аймақтық саясаттың 2 ерекшелігін айтыңыз
- (b) Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде 2 ұсыныс әзірлеңіз

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіреді	1	ұйымның мақсатын анықтайды;	1
		әлемдегі геосаяси үлгілерді атайды;	1
		ең маңызды геосаяси үлгіні атайды;	1
		әлемнің геосаяси бейнесіндегі АҚШ пен Ресейдің рөліне баға береді;	1
		а сұрағында таңдаған ұйымның геосаяси мәселелерді шешудегі рөліне баға береді;	1
Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтайды	2	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін бірінші факторды анықтайды;	1
		Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін екінші факторды анықтайды;	1
		Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін үшінші факторды анықтайды;	1
		Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін төртінші факторды анықтайды;	1
		Бірінші фактордың еліміздің геосаяси қауіпсіздігіне ықпалын кестеге жазып түсіндіреді;	1
		Екінші фактордың еліміздің геосаяси қауіпсіздігіне ықпалын кестеге жазып түсіндіреді;	1
		үшінші фактордың еліміздің геосаяси қауіпсіздігіне ықпалын кестеге жазып түсіндіреді;	1
		төртінші фактордың еліміздің геосаяси қауіпсіздігіне ықпалын кестеге жазып түсіндіреді;	1
Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстарды әзірлейді	3	елдің геосаяси қауіпсіздігін күшейтуге арналған мемлекеттік саясатқа қарағанда аймақтық саясаттың бірінші ерекшелігін айтады;	1
		елдің геосаяси қауіпсіздігін күшейтуге арналған мемлекеттік саясатқа қарағанда аймақтық саясаттың екінші ерекшелігін айтады;	1
		Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде бірінші ұсынысты әзірлейді;	1
		Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде екінші ұсынысты әзірлейді;	1
Жалпы балл			17

«Геосаясат» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіреді	Қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Қалауы бойынша бір ұйымның мақсатын жазуда/әлемдегі геосаяси/ ең маңызды үлгілерді атауда/әлемнің геосаяси бейнесіндегі АҚШ пен Ресейдің рөліне/ а сұрағында таңдаған ұйымның геосаяси мәселелерді шешудегі рөліне баға беруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіреді <input type="checkbox"/>
Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтайды	Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін бірінші / екінші / үшінші / төртінші факторды анықтауда / бірінші / екінші / үшінші / төртінші фактордың еліміздің геосаяси қауіпсіздігіне ықпалын кестеге жазып түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтайды <input type="checkbox"/>
Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстарды әзірлейді	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстарды әзірлеуде қиналады <input type="checkbox"/>	Елдің геосаяси қауіпсіздігін күшейтуге арналған мемлекеттік саясатқа қарағанда аймақтық саясаттың бірінші/екінші ерекшелігін айтуда/ Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде бірінші/екінші ұсынысты әзірлеуде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстарды әзірлейді <input type="checkbox"/>

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ «Елтану» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Дүниежүзі аймақтары
Оқу мақсаты	11.6.1.1 Дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіру 11.6.1.3 Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтау 11.6.1.4 Ғаламдану жағдайында Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжау
Бағалау критерийі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none">• Дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіреді• Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтайды• Ғаламдану жағдайында Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Аудандастыру-бұл ең алдымен бөлінген учаскелер тарихи даму ортақтығынан, географиялық орналасудан, географиялық процестердің бірлігінен және жекелеген құрамдас бөліктердің кеңістіктік ұштасуынан туындайтын аумақтық тұтастықты және ішкі бірлікті сақтайтын жер бетін бөлу.

- әлемдегі ең ірі ауданды атаңыз
- әлемдегі үлкен тарихи-географиялық аймақтар қандай белгілермен ерекшеленеді?
- дүниежүзін аудандастырудың қажеттілігі неде? 2 аргумент келтіріңіз
- Кескін картаға Азияның 1 тарихи-географиялық аймағын түсіріңіз:



2. Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарына орналасуы бойынша кестені толтырыңыз:

Қазақстанның ФГО	Тарихи-географиялық аумағы	Қандай ұйымдар мүшесі	
		халықаралық	аймақтық

3. Қазақстан жаһандану жағдайында.

Халықаралық қатынастардың толыққанды субъектісіне айналған жас, тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін қоршаған халықаралық жүйенің сын-қатерлерін уақытында ескеретін және оларға лайықты жауап беретін сыртқы саясатты жүргізу біздің еліміздің ұлттық мүдделерін бірінші орынға қояды. Тәуелсіздік жылдар ішінде біздің еліміз ШЫҰ, ҰҚШҰ, ТМД, АӨСШК және ЕАЭО сияқты құрылымдарды құруға және дамытуға белсенді қатысты. Сенім мен өзара түсіністік негізінде құрылған әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының диалогы осы саладағы халықаралық ынтымақтастықтың кең перспективаларын ашады және біздің заманымыздағы зорлық-зомбылық, діни экстремизм және терроризм сияқты келеңсіз көріністерді жеңуге көмектеседі.

- (a) Қазақстанның жаһандану үдерісіне ашық екенін дәлелдейтін 2 мысал келтіріңіз
- (b) Жаһандану үдерісінің Қазақстан үшін жағымды жағын дәлелдеңіз.
- (c) Жаһандану үдерісінің Қазақстан үшін жағымсыз жағын сипаттаңыз
- (d) Қазақстанның жаһандану барысында географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруіне болжам жасаңыз

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіреді	1	әлемдегі ең ірі ауданды атайды;	1
		тарихи-географиялық аудандарды белгілеудің ерекшелігін сипаттайды	1
		дүниежүзін аудандастырудың қажеттілігін 1 аргумент келтіреді;	1
		дүниежүзін аудандастырудың қажеттілігін 2-ші аргумент келтіреді;	1
		кескін картаға азияның 1 тарихи-географиялық аймағын түсіреді;	1
Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтайды	2	Қазақстанның ФГО-н сипаттайды;	1
		Қазақстанның қандай тарихи-географиялық аумаққа жататынын атайды;	1
		Қазақстанның қандай халықаралық ұйым мүшесі екенін анықтайды;	1
		Қазақстанның қандай аймақтық ұйым мүшесі екенін анықтайды;	1
Ғаламдану жағдайында Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжайды	3	Қазақстанның жаһандану үдерісіне ашық екенін дәлелдейтін 1 мысал келтіреді;	1
		Қазақстанның жаһандану үдерісіне ашық екенін дәлелдейтін 2-ші мысал келтіреді;	1
		жаһандану үдерісінің қазақстан үшін жағымды жағын дәлел келтіреді;	1
		жаһандану үдерісінің қазақстан үшін жағымсыз жағын дәлелдейді;	1
		Қазақстанның жаһандану барысында географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруіне болжам жасайды.	1
Жалпы балл			14

«Елтану» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіреді	Дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Қалауы бойынша бір ұйымның мақсатын жазуда/әлемдегі геосаяси/ ең маңызды үлгілерді атауда/әлемнің геосаяси бейнесіндегі АҚШ пен Ресейдің рөліне/ а сұрағында таңдаған ұйымның геосаяси мәселелерді шешудегі рөліне баға беруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіреді <input type="checkbox"/>
Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтайды	Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Қазақстанның ФГО-н сипаттауда/ Қазақстанның қандай тарихи-географиялық аумаққа жататынын атауда/Қазақстанның қандай халықаралық/ аймақтық ұйым мүшесі екенін анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтайды <input type="checkbox"/>
Ғаламдану жағдайында Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжайды	Ғаламдану жағдайында Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжауда қиналады <input type="checkbox"/>	Қазақстанның жаһандану үдерісіне ашық екенін дәлелдейтін 1/2-ші мысал/ жаһандану үдерісінің Қазақстан үшін жағымды/жағымсыз жағын дәлел келтіруде/Қазақстанның жаһандану барысында географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруіне болжам жасауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ғаламдану жағдайында Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжайды <input type="checkbox"/>

«Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Ғаламдық проблемаларды шешу
Оқу мақсаты	11.7.1.1 Ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу 11.7.1.2 Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтау
Бағалау критерийі	Білім алушы <ul style="list-style-type: none">• Ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттейді• Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Адамзаттың жаһандық мәселесі - бұл ғаламшардың барлық мүдделеріне байланысты мәселелер және оны шешу үшін әлемдегі барлық мемлекеттердің бірігуін қажет етеді.

- Әлем елдерінің адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге арналған негізгі 4 бағытын атаңыз:
- Жаһандық энергетикалық мәселені шешуде бірігіп ғарышты игерудің маңыздылығын бағаландар. Мысалдар келтіріндер.
- Ғаламдық проблемаларды шешудегі 1 халықаралық ұйым мысалында роліне баға беріңіз

2. Мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап беріңіз:

Қазақстан Республикасының және оның аймақтарының жаһандық мәселелері.

Қазақстан әлемнің барлық елдері сияқты жаһандық мәселелерден тыс қалмайды. Қазіргі таңда әлемнің әртүрлі аймақтарындағы конфессияаралық және ұлтаралық негіздегі болып жатқан шиеленістер мен қақтығыстар біздің елімізді де алаңдатады, өйткені жаһандық мәселелерді шешу стратегиясында Қазақстан ең алдымен өзінің географиялық жағдайына (Еуразияның ортасы) тәуелді. Еліміздің шегараларының көп бөлігі Ресей және Қытай арасында жатқанымен, Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы оңтүстік шегараларымыз аса алаңдатады, өйткені олар әлемнің тынымсыз өңіріне (Ауғанстан, Иран, Ирак) жақын. Өзбекстан, Қырғызстан, Солтүстік Кавказ елдеріндегі тұрақсыз жағдайлар, Украинадағы саяси және экономикалық мәселелер Қазақстанның ғана емес, бүкіл орталықазиялық өңірдегі қауіпсіздіктің өзгеруіне ықпалын тигізеді.

- Біздің еліміздегі немесе оның аймақтарындағы негізгі 3 жаһандық мәселелерді атаңдар:
- Адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуде елдің географиялық жағдайы қалай әсер етеді?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттейді	1	әлем елдерінің адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге арналған бірінші бағытын атайды;	1
		әлем елдерінің адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге арналған екінші бағытын атайды;	1
		әлем елдерінің адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге арналған үшінші бағытын атайды;	1
		әлем елдерінің адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге арналған төртінші бағытын атайды;	1
		жаһандық энергетикалық мәселені шешуде бірігіп ғарышты игерудің маңыздылығына баға береді;	1
		бірінші мысалды келтіреді;	1
		екінші мысалды келтіреді;	1
		ғаламдық проблемаларды шешудегі 1 халықаралық ұйым мысалында роліне баға береді;	1
Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтайды	2	елдегі немесе оның аймақтарындағы негізгі бірінші жаһандық мәселені атайды;	1
		елдегі немесе оның аймақтарындағы негізгі екінші жаһандық мәселені атайды;	1
		елдегі немесе оның аймақтарындағы негізгі үшінші жаһандық мәселені атайды;	1
		адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуде елдің географиялық жағдайы қалай әсер ететіндігін түсіндіреді.	1
Жалпы балл			12

«Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттейді	Ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Әлем елдерінің адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге арналған бірінші / екінші / үшінші / төртінші бағытын атауда / жаһандық энергетикалық мәселені шешуде бірігіп ғарышты игерудің маңыздылығына баға беруде / бірінші / екінші мысалды келтіруде / ғаламдық проблемаларды шешудегі 1 халықаралық ұйым мысалында роліне баға беруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттейді <input type="checkbox"/>
Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтайды	Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	елдегі немесе оның аймақтарындағы негізгі бірінші/екінші/үшінші жаһандық мәселені атауда/адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуде елдің географиялық жағдайы қалай әсер ететіндігін түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтайды <input type="checkbox"/>

